

Λ 2016  
4819 к

Амантай КЭКЕН



# СЭКЕН ЖОЛЫ

*Деректі жазбалар*

*Бұл кітап Сәкен Сейфуллиннің тұғанына  
125 жыл толуына арналады.  
Автор*



Сәкен Сейфуллин  
(1894-1939)

Амантай КӘКЕН

---

## СӘКЕН ЖОЛЫ

---



Астана – 2016

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3 (5қаз)**

**К 24**

**Кәкен Амантай.**

**К 24 Сәкен жолы: (деректі жазбалар)/. – Астана: «Жасыл Орда» баспаханасы, 2016. – 272 бет.**

**ISBN 978-601-7540-32-6**

Аса көрнекті ақын, жазушы, ғалым, білікті ұстаз Сәкен Сейфулиннің қазақ халқының рухани әлемінде, қоғамдық-саяси өмірінде алатын орны ерекше.

Белгілі зерттеуші қаламгер Амантай Кәкеннің кезекті «Сәкен жолы» кітабында дала дауылпазына қатысты біраз тарихи шындықтың сан алуан қаттары ашылған. Кітапқа автордың Сәкен туралы бұрын-соңғы жазған кейбір ой-пікірлері, сұхбаттары, тұжырымдары енгізілген. Бұлардың қайсысының болсын тілге тиек еткен тақырыбы әртүрлі, ал көтерер жүті аса қомақты.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3 (5қаз)**

**ISBN 978-601-7540-32-6**

© Кәкен А., 2016

© «Жасыл Орда» баспаханасы, 2016

---

---

*О*ның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұмас бітімді, жостаты тұлғадан туатын көрнекті, бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ – барлығында да суюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылдығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны бол білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті бол шыга алады. Өз ішінде тұрган көңіл күйін оқушыға жеткізіп, қондырып ұқтыра алады.

Лебімен тартатын өнімділік, ұтымдылық табады. Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынған кедір-бұдырсыз тақ-тақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шынышылдығы қозып, жсанып отыратын, буы білініп тұрган барынша шын сезім, шын жүрек шынышылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдыы бар, өрі бар – шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы.

*Мұхтар Даңғаров*

---

---

## **ҚАЙРАТКЕРГЕ АДАЛДЫҚ НЕМЕСЕ ТҰЛҒАНЫ ТАНУ**

«Қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин халық жадында мәнгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мактандышымыз, ел үшін еніреген ер, қайтпас қайсар құрескер. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мұддесі жағында тұрап еді. Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен қазак еліне Сәкеннің ұздік ұлгісі, өрелі өнегесі өте керек» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірінде алмағайып кезеңнің қайраткеріне деген дәл тарихи баға бар.

Шынтуайтына келгенде, жалына қол тигізбес тарпандай үрке жүйткіген уақыт екпініне ілескен еліміз, қызыл жіптей әдіптелген тарих парактарынан өшкенімізді жандырып, жоғалтқанымызды табуға талпынып келеміз. Сол мұратты жолда кешегі Кеңес өкіметі тұсында бар қуатын, құшін, білімін халқына арнаған арыстарды ел-жұртымен қайта қауыштыруға ұмтылудамыз.

Халқымыздың өткен тарихында ұлт бостандығы, азаттық пен әділет жолында басын бәйгеге тігіп, халықты соңынан ерткен қайраткер тұлғалар мен жасампаз ісімен исі қазаққа үлгі-өнеге боларлық каншама арда азаматтар өтті десенізші?! Аттың жалында, түйенің қомында жүріп, ұланғайыр даланың иесі қазақ жұртының кемел келешегі жолында ат үстінде ұйықтаған қазақ қаһармандарының ерлік істерін халықтың намысын оятып, жігеріне жігер, қайратына қайрат қосатын биік рухтың көрінісі деп білемін. Олар, шын мәнінде, «өз заманынан озып туған адамдар» деп айтуға әбден лайық.

Шындығы керек, тарихи ақиқатты шан басқан мұрағаттан аршып алу оңай шаруа емес. Алайда бір зандылық бар: Сәкен сынды тұлғалардың ізгілікті ісі, қайраткерлік жолы тарих үшін аса құнды дерек көзі болып қалмак. Қолдарынызға тиген бұл кітап та осы мұddenі қөздейді.

Кітап желісіне арқау болған халқымыздың көрнекті асыл перзенті Сәкен Сейфуллин казақ әдебиетінің барлық

жанрында қалам сілтеп, бай мұра қалдырған классик жазушы, дарынды ақын, драматург, білікті ұстаз, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ғана емес, сонымен қатар, мемлекет қайраткері – Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кенесінің алғашқы төрағаларының бірі болған.

Кезінде Сәкен Сейфуллиннің азаматтық, қайраткерлік, ақындық, жазушылық болмысы жөнінде Қазақстанның ел ішіндегі саяси-ахуалға байланысты алуан түрлі алып-кашпа пікірлер туындал, көзқарастар бірнеше рет өзгерген тұста, кітап авторы қарт журналист, Сәкен жөніндегі монографиялық зерттеулердің иессі Амантай Кәкен былай деп жазып еді: «...ақ патша тұсында абактыға камалып, «казап вагонын» бастан кешкеніне, ал жаңа кезеңде Үкімет басқарып, қазақ елінің іргетасын қаласқанына қарамастан өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап оған «байларды жақтайды», «ескілікті жырлайды», «алашордашылармен дұрыс күреспейді», «ұлтшыл», коммунистік идеологияға қарсы шығып, «сейфуллиншіл» жікшіл топты басқарды, «троцкийшіл» деген кінә тағылып кетті. Ақтаған соң «коммунистік партияға шын берілген еді, оның идеологиясын жақтап еді, совет өкіметін, Ленинді жырға қосқан нағыз коммунист, қызыл сұнкар еді» деп жер-көкке тигізе мақталды. Алашорда қайраткерлері акталған тұста қайтадан даттаушылар табылды».

Иә, саяси қайраткерлердің кейде датталып, кейде мансұқталып жататыны замана өзгерісіне сай болатын әдettі құбылыс қой. Біреулер інжу-маржан тергісі келсе, біреулер каскөй дерек жинайды. Қалай десек те, Алаш қайраткерлері сияқты коммунист Сәкен де қазақ халқының келешегінің жарқын, нұрлы болуын армандал, азаттық, еркіндік үшін күресіп, басын саудаға салды. Дәл қазіргі кезеңде біз ұлт зиялыштарын әртүрлі топқа бөліп, бір-біріне қарама-қарсы қою сияқты үстіртін пікір, ұшқалак ойларды тығанымыз абзал. Өйткені аласапыран кезеңде олар өзінің ескен ортасына, алған біліміне, саяси-коғамдық көзқарастарына қарай туған халқының келешегін әркалай түсінді. Баршасының басты мақсаты елдікті сақтау, казакты даму жолына бағыттау болатын. Сондыктан біз қазіргі кезеңнің мінберінде тұрып олар жөнінде асығыс байлад жасамай, сол қайраткер

тұлғалардың заманын, сол заманға жасаған амалын білуге тиіспіз, тіптен міндettіміз.

Танымал сәкентанушы, деректанушы Амантай Қекеннің «Сәкен жолы» кітабында қайраткер тұлғаға қатысты тарихи шындықтың сан қатпары ашылған.

Кеңес өкіметі тұсында коммунистік идеологияның солақай саясаты арқасында нағыз шындық, ақиқат бүркемеленіп, тасада қалып жатты. Қазір, тарихтың аңы сабағынан тағылым алатын уақыт келген тұста автор Сәкеннің коғамдағы орнын жарқырата көрсетуге тырысып, құнды деректер арқылы айшықтай түскен. Алашорда қайраткерлері мен Сәкеннің арақатынасы арасындағы қарым-қатынастың шын мәнінде қалай болғандығын бүге-шігесіне дейін ашып көрсеткен.

Сондай-ақ, Сәкеннің небәрі жиырма жылдың ішінде қазакты дәүлеті шалқыған, өнер-білімі көркейген халықтың қатарына қосуға ұмтылып, Үкімет басқарған аз ғана уақыт аралығында экономиканы алға сүйреп, мәдениет пен әлеуметтік саланы гүлдендіріп, қазақ ұлты жолында ұланғайыр шаруаны атқарғаны үшін «халық жауы» атанып, большевиктердің күғын-сүргініне ұшыраған тағдырын да тілге тиек еткен. Жалпы, Сәкен заманы тұсындағы қандай да бір деректің шындығын шырайландырған. Сәкен жөніндегі әрбір мағлұмат қигаш кетпей, тұшымды ойларын түйіндей түсіп, оның кесек тұлғасын әр қырынан танытып, аша түскен. Тарихта кеткен «ақтандактардың» сұрықсыз сықпытаң әшкерелеп, бет-пердесін ашып, еш бүкпесіз жайып салған. Осындағы нағыз деректанушыға тән ерекшелікі қолдарыңыздағы «Сәкен жолы» кітабына енген әрбір еңбектен табуға боларлық. Жинақтың құндылығы да осында дер едік. Осы арада және бір ой қосқымыз келеді. Ол – автордың Сәкен тақырыбына адалдығы. Көшілілігіміз кешегі кеңестік дәуірді біржакты даттап немесе сол кезең, оның көрнекті тұлғалары жөнінде үндемей қалуды жөн көрсек, Амантай ақсақал қашан да Сәкен Сейфуллин сияқты қайраткер-қalamгер туралы зерттеулерін аса білгірлікпен жалғастырып келеді.

*Ербол Тілеев,*

*Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты*

*БІРІНШІ БӨЛІМ*

---

**УАҚЫТ СЫНЫНАН  
СҮРІНБЕЙ ӨТКЕН**

---



## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУДДЕСІН ОЙЛАҒАНЫ ҮШІН ҚҰРЫНДАЛДЫ

 ұла бойы тұнып тұрған ақындық еді, қара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған. Сәкен қазақ кеңес әдебиетінің негізін бірден-бір қалаушы, көшбасшысы болды. Тарих оған жүктеген міндетті ешқайсымыз атқарған жоқпыз. Тарихқа зорлық жүрмейді.

*Фабит Мусирепов*

— Амантай ага, Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына арнал «Сәкен Сейфуллин», «Сәкеннің соңғы күндері», «Сәкен тағылымы», «Қазақтың Сәкені», «Непокоренный сын степи» атты еңбектер жаздырыз. Сондықтан, Сәкеннің өмірбаянын өзіңізден сұраганды жон көрдік. Әңгімені сол кісінің тұган өлкесі, шыққан тегі, өскен ортасынан бастасаңыз.

— Қазактар тәбе деп атайтын дөңгелене біткен дөн жерлер Арқада біраз баршылық. Аба тауы, батысында Үлкен Аба, шығысында Әулие тас, терістігінде сорайып көрінетін Құсмұрын, оған жалғас Тор шоқы... деп кете береді. Жергілікті халық мұның бәрін «тау» дейді. Осы аталған «таулар» Қара шілік деген жерді қоршап тұр.

Бұл – Сәкен Сейфуллиннің әкесінің, ата-бабаларының қыс қыстауы, жаз жайлауы. Атақты ақын осы жерде туып, балалық шақтың бал қызығын өткізді. Осы өнірден үлкен өмір айдынына қанат қақты. Сәкеннің өзі жазғандай, «Арғын деген елдегі ең көп, күшті атасы Алтай. Менің түбім сол Арғынның Қарпығы болады» – дейді ол.

Әрмен қарай былай тарайды. Қарпықтан – Тінәлі, Мәмбет, Көзей. Көзейден – Қаратоқа, одан – Бесім, Тұңқатар, Молқы, Тоқтауыл, Сары, Құлымбет. Шиырып айтсак, Бесімнен – Сарықожа, одан – Жасыбай. Сосын Мырзамбет – Ескене – Байбек – Жәнібек.

Сәкеннің бергі аталары: Жәнібектен – Мұстафа, Мақажан, Омар, Оспан, Ақаш, Ердеш, Біләл. Оспаннан – Сейфолла, Сәкеннің әкесі.

Сейфолланың әкесі Оспан, оның әкесі Жәнібек сөзге жүйрік, мықты, қайратты кісі болған екен.

Тағдырдың жазуына не шара, Оспан өмірден ерте озды. Бір жастан аса бергенде – әкеден, беске жетер-жетпесте шешеден айырылып жетім қалған Сейфолла мен одан үш-төрт жас үлкен Шәрбәнді әкесінің ағасы Мақажан қамқорлығына алады. Тәрбиелейді, еңбекке баулиды. Сейфолла мал бакты, жылқы күзетті, басқа әртүрлі жұмыстарды атқарды. Сонымен бірге ол ел ішінде сері, сауыкышыл, домбыра мен гармоньда бірдей ойнап, ән салатын тамаша өнерпаз жігіт есебінде танылады. Жиырма жасқа жетер-жетпесте Мақажан інісінің баласына еншісін береді. Алсай руы ішінде Тышамбай

---

«мені адам еткен де,  
ақын еткен де – анам»

---

дегеннің айдай сұлу, көркі акылына сай Жамал деген әйбат қызына атастырып, шаңырак көтеріп, жеке шығарады.

Сейфолла Жамалмен тату-тәтті өмір сүріп, үбірлі-шұбірлі отбасына айналады.

– *Сәкен олардың тұңғышы ма?*

– Иә, олар төрт үл, үш қызды өмірге әкеледі. Тұңғышы – Сәкен. Одан кейін Мәлік (Мәлгаждар), Әбен (Әбумұсілім), Мәжит (Ғабдулмәжит), Рақима, Қалима, Сәлимә деген үл-қыздар жарық дүние есігін ашқан.

Балалардың үлкені болғандықтан ба, әйтеуір әкешешесінің оған деген ықылас-пейілі ерекше болады. Табигатынан дарынды, сұлу бейнесі ішкі жан дүниесіне сай

болып өскен өнегелі ұлдарын Сейфолла мен Жамал азан айтып қойған Сәдуақас деген есімінің орнына еркелетіп Сәкен деп атап кеткен. Ал Сәкен болса, ата-анасын, туған-туыстарын, арғы бабаларын, өскен елін, туған жерін барлық болмысымен жырлаған, жан-тәнімен құрметтеген, сыйлаған. Әсіресе анасын жақсы көретін. Шынында да, баласының азамат, ерекше тұлға, ақын болып қалыптасуына шеше тәрбиесінің ықпалы зор болған. Інісі Мәжиттің сөзіне қарағанда, кейін Сәкеннің өзі: «Мені адам еткен де, ақын еткен де анам ғой», – деп мақтанып жүреді екен.

Сәкен өнер құдіреті мен сөз өнегесінің қадір-қасиетін жастайынан сезіп, көріп өсті. Домбыра тартып, ән-күйге құштарлық, өнер, ақындық нәр, шешен тіл Сәкенге сол ұшқан ұядан ауысқан. Әкесі Сейфолла саятшы, сал-сері, әнші-күйші болған. Ал шешесі оған ел аузындағы батырлар жырын, даналық сөздерді, қызықты әңгіме, ертегілерді үнемі айтып, құлағына құйып отырған. Жастайынан зерек Сәкен оны құмарта тындал, көңіліне түйе білген. Осыған орай, ол бала кезінің өзінде бір айтқанды қағып алатын, тез түсініп, ұғып алғыш, зейін тоқтатқыш болып көзге түскен. Жалқаулық, керенаулық, бойкүйездік, енжарлық оған жат еді.

– Алғашқы білімді қайдан алған?

– Сейфолла баласын ең алдымен мұсылманша «ақ-караны» танысын деп ауылда балдақпен жүретін, жұрт «ағаш аяқ» дейтін Бармұхамед молдаға береді. Оқысын, сауатын ашсын дейді. Балаға ризашылықпен, ыждағатпен назар аударсын деген пиғылмен әңгіме барысында молданың еңбегін билетіндігін, айтқызбай «бейсенбілік», «жұмалық» дегендерін беріп тұратындығын және ескертті. Бармұхамед болса «дұрыс», «жарайды» дегендей басын изеп, жылы шырай байқатты. Сонын баланы алдына шақырды, жүгіндіріп отырғызды да, сабағын бастап кетті. Ұстаз сөзін ықыласпен тыңдал, ұғып алған Сәкен: «Әліпте жоқ, биде бір нұкте, тиde екі нұкте, сиде үш нұкте», – деп судырата жөнелді.

Ауыл молдасынан үш жыл оқыған Сәкен жалпы сауатын біраз ашты. Тіл сындырып, арабша хат танып, кисса-хикаяны өзі оқып білетін дәрежеге жетеді. Бұдан соң 1905 жылдан бастап Нілдідегі орысша-қазақша мектепте оқып, орыс тілін үйренеді. Одан әуелі Ақмоланың бастауыш приход мектебінде оқып, соңынан Ақмоланың үш класты қалалық училищесінің бірінші бөлімін тәмәмдайды. Бөтен тілді игеріп, білімін толықтыра түсті. Тіпті онымен қоймай, қыскектем айларында мұсылман медресесінде оқып жүрген шәкірттерге орыс тілінен дәріс оқиды. Мұның өзі Сәкеннің осы пәннен бұрын-соңды алған таным-түсінігін терендете беруге, тиянақтай түсуге әсер еткені сөзсіз. Міне, осындай дайындықтан өткен ол окуын одан әрі жалғастыра түсуге белін бекем буады.

Сәкен 1913 жылдың күздінде Омбыға келіп, құжаттарын оқытушылар әзірлейтін семинарияға өткізеді. Тәртіп бойынша қалалық мектепті бітіргендер ең алдымен әзірлік тобына сынақтан өтеді, ал бірінші сыныпқа емтихан тапсыру деген тәжірибеде кездесе қоймайтын. Сәкен болса, оқудың алғашқы сатысын аттап өтіп, бірінші сыныпқа түседі. Жастайынан көпшіл, қауымшыл Сәкеннің жақын жүретін орыс достары көп болды, ал өзімен бірге оқитын қазақ балалары болса да түгелдей өзінің ықпалында еді. Бұлардың көпшілігі кедей-кепшіктің, жарлы-жақыбайдың ұрпақтары болғандықтан бұдан бір сынып тәмен оқитын Мағжан Жұмабаев оларды «Сәкеннің жалаң аяқ қара тобырлары келе жатыр» деп әзілдейді екен.

— *Омбыда оқып жүргенінде полицияның қара тізіміне ілінген екен. Не үшін?*

— Омбыда сабакты жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Сәкеннің жора-жолдастары, тамыртаныстары көбейе түседі. Сөйтіп жүріп революционер, орыс жазушысы Феоктист Березовскиймен танысып, оның пәтерінде де болады. Сол үйде бір адаммен кездесіп, астанага

Күпия полиция соңына  
түсіп, кудалап.  
орынсыз жала жапте.

жол жүретіндігін білген соң Сәкен Петербургте оқып жатқан Тақай Жәкеновке тапсырының деп ашық хат береді. Такай – ағайын-туысы, ол да Жәнібектен тараған ұрпақ, ауылда құлын-тайдай катар өскен, мектепте бірге оқыған бала. Поштамен де жіберуге болар еді, бірақ «мына кісі тез жетеді ғой» деп есептеген шығар. Қайдан білсін, сөйтсе, ол революционер, большевик, патша жандармериясының саяси қауіпті деп есептелгендердің тізіміндегі Бер Захар Евшумяцкий (Шумяцкий) болып шықты. Сол хат, қалай екені белгісіз, кейін Михайлов дегеннің қолына түскен, ал оның Шумяцкий түрмеден қашып шыққанда қол үшін бергендейдігін полиция біледі екен. Сөйтіп, екеуі де охранканың «карауында» болғандықтан соның ізімен Сәкенге шыққан.

«Хат авторы Сәкен Сейфуллин деген кім, оның саяси-қоғамдық көзқарасы қандай, кіммен сыйбайлас, күдікті адамдармен қандай мақсатпен, қалай байланысып жүр?» деген сұрақтар охранканы мазалаған. Омбыға білім қуып, оку іздел келгенін, өкіметке қарсы астыртын жұмыспен айналыспайтындығын, саяси көзқарасының түзу екендігі айқындалса да Сәкенді күмәнді адамдармен байланысы бар кісі есебінде күпия полицияның біраз соңына түсіп, кудалап, басқан ізін бакылап, орынды-орынсыз жала жауып, біраз әурелегені – шындық.

– Ал олар құрған «Бірлік» қоғамының мақсаты қандай болды?

– «Бірлік» қоғамы – Омбы қаласында құрылған қазақ жастарының ұйымы. Оның алғашкы ұйымдастыруышылары Ш.Әлжанов, Н.Нұрмаков, М.Саматұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Сейітұлы т.б. болды. Кейін жаңа мүшелер қабылданып, оның қатары үнемі толығып отырды. «Бірлік» ұйымы өзінің алдына ойын-сауық және қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін насхаттау арқылы оның

ұлттық бірлік, санасы мен сезімін оятуды мақсат етіп койды. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алды.

Алғашқыда ұйымның ойын-сауық бөліміне Сәкен жетекшілік жасады. Затонда, коммерциялық училищеде концерттер қойып, қала халқы үшін «Сібір кешіндегі» ойын-сауық бағдарламаларын көрсетті. Осы ұйымның рухани әрі қаржылай көмегімен Қазанда, ағайынды Каримовтардың баспаханасынан Сәкеннің алғашкы «Өткен күндер» (1914) жинағы жарық көреді. «Балапан» атты қолжазба журналын шығарады (1916). 1917 жылдың 1–4 қазан

---

өлеңді бала кезінен  
жаза бастаған

---

аралығында ұйымның кеңейтілген жиналышы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, халық

арасында оның бағдарламасын насиҳаттауды өз мойнына алады. Алайда, оның мүшелерінің арасында Ш.Әлжанов секілді «Үш жүз» партиясын қолдағандар да болды. Ал Сәкен бастаған елу шақты адам «Жас қазақ» ұйымын ұйымдастырады. Бұл ұйымның негізгі мақсаты жастарды әртүрлі қоғамдық жұмыстарға тарту болды. Маңыздысы, ұйым өзінің органы «Тіршілік» газеті арқылы үгіт, насиҳат жұмыстарын белсенді жүргізеді.

— Сәкен өлеңді қай жасынан жаза бастаған?


— Бала кезінен жаза бастаған. Омбы семинариясында оқып жүрген кездің өзінде біраз дүниенің басын қайырған. Жинақ дайындаған. Алғашқы «Өткен күндер» атты жинағынан ақынның негізінен ағартушы-демократиялық бағытта болғанын байқаймыз. Элеуметтік тартыс мәселесінен алыстау көрінеді. Оның шығармалары халықтың басындағы қарангырылғықты көрсетумен бірге, оларды оку-білімге, өнер үйренуге, мәдениетке талпынуға шақыру түрінде келеді. Елдің жайбаракат әрекетсіз өміріне өнер мен ғылымды

қарсы қояды. Бұл туындысында ол халықтың қаранғылықтан шығып, оқу-білімге ұмтылуы үшін күрескен ағартушы, демократ қана емес, махаббат жырларында, әлеуметтік теңсіздік зардаптарын суреттейтін кейбір өлеңдерінде салиқалы гуманистік ой-пікірлерін ортаға салады.

Сәкен мен Мағжан  
бірге оқыған

— Жоғарыда Сәкен мен Мағжанның Омбыда бірге оқығанын айттыңыз. Екеуінің қарым-қатынасы қандай болған?

— Мағжан Уфадағы белгілі «Фалия» медресесін тәмәмдап, Омбыдағы оқытушылар семинариясының дайындық сыныбына қабылданады (1913). Ал облыстық екі стипендияға жеті бала бәсекеге түсіп, осы оқу орнының бірінші сыныбына Тұрғынбек Байлин мен Сәкен Сейфуллин қабылданады. Сейтіп, тағдырың әйдауымен қазақтың болашақтағы аса көрнекті екі ақыны Омбыда кездеседі. Сонымен қатар «Бірлік» ұйымының жарлығын жазуға, «Сібір кештері» ойын-сауығын өткізуდің басы-қасында Сәкен мен Мағжанның бірге болғаны белгілі. Оқытын сыныбы және жататын бөлмелері бөлек болғанмен семинарияның сәулетті дәлізінде жи-жи ұшырасып жүргендери сөзсіз. Сәкен 1916 жылы, ал Мағжан 1917 жылы оқуын аяқтайды. Белгілі әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішев ағамыз осы екі ақынның арақатынасы



Сәкен Омбыдағы  
«Бірлік» қауымы  
жетекшісінің бірі

туралы «Мағжан-Сәкен» монографиясы мен «Сайыс» деген зерттеу еңбегінде жан-жақты жазған.

Менің «Түркістан легионы» деген кітабым жарық көргеннен кейін осы туындының бір кейілкери сол кезде әлі көзі тірі Хамза Абдуллинмен (2000) кездескенім бар. Әңгіме барысында Мағжан туралы сөз қозғалып, кезінде оны газетке де жазғам. Қарт ақын былай деп еді: «Мағжанның біздің үйге құда бала болып есептелгенінің өзі бір басқа. Сонымен бірге екеуміздің көкеміз бірге қызмет атқарған. Менің әкем Жармұқамет кезінде Ақмола облысында волостной правитель қызметін атқарған Мағжанның экесі Бекен Жұмабаевтың карамағында оның іс жүргізуі заңгері болған. Әкем қара жаяу емес, орыс, парсы тілдерін білетін көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты адам еді. Сондыктan да Бекеннің барлық іс қағаздарын реттеу, оны занға сәйкес жүргізу менің әкеме жүктелуі тегін болмаса керек.

...Мағжанның Омбыда Сәкен Сейфуллинмен бірге оқығаны белгілі. Екеуі бірін-бірі сыйласп, құрмет тұтатын. Окуды бітірген соң Сәкен елге мұғалім болып кетті де, Мағжан сонда қалып қойды. Аумалы-төкпелі заман еді. Ақыры екеуі де ұсталып, абақтыға жабылғанда Сәкен қашып шықты да, Мағжанға Әлихан Бекейханов қол үшін беріп, шығарып алған. Мағжан мен Сәкен бірін-бірі көре алмады, өш болды деген алып-қашпа пікір бар. Бұл дұрыс емес, арандатушы сөз. Сонау қыын-қыстау кезеңде Сәкен шама-шарқынша қаржылай көмектесіп тұрды, ақшаны Сәбит арқылы жіберген кездері де аз болған жоқ. Сәбит те өз тарапынан осындай қамқорлық жасағанын талай көрдім.

Сәкен Мағжанды Алматыға шақыртып, сол жерде оның қызмет істеп, әдеби ортаға оралуына жағдай жасаймын деп әрекеттенгені де шындық. Мысалы, 1937 жылдың көктемінде Мағжанды Қызылжардан шығарып салғаным әлі есімде» («Түркістан» газеті, 14 ақпан 2002 ж.).

Бұл пікірді атақты башқұрт ақыны Сайфи Құдаш та қостайды. Оның алашордашыларды ақтау жөнінде Д.Конаевқа жазған хатында: «Он жылға кесілген ақын

Карелия лагерьлері мен ормандарында ауыр күн кешеді... 1935 жылы М.Горькийдің көмегімен М.Жұмабаев босанып шығады. Ақын Петропавл қаласына кайтып келеді, әуелгі кездері оған дос пейіл білдіріп, С.Сейфуллин көмектесіп тұрады (*әрине, материалдық жағынан да*), – деп жазғаны осыны анғартады.

Мағжанның өмірі мен шығармашылығын зерттеген Ш.Елеуkenов «Қызметсіз қаңғырып жүру оңай емес қой. Жадау тұрмыс кешіп жаткан сол шакта Сәкен Сейфуллин бұларға (*Мажсанга – A.K.*) 500 сом ақша жібереді. «Ашаршылықта жетін құйқа» дейтін емес, Сәкеннің адамгершілігіне көнілдері семіреді», – деп ризашылық сезімін білдіреді.

Осы орайда Тұрсынбек Кәкішев ағамыздың «Екеуінің арасында айта қаларлықтай қарама-карсылық еш уақытта болған емес. Бірақ тосыннан келе қалған Қазан төңкерісі екі ақынның арасын алшақтатуға әсерін тигізді» – деген тұжырымнан осы проблеманың түп негізі қайда екендігін сеземіз.

– Сәкеннің еңбек жсолы қалай басталды? Қоғамдық жұмыстарға қай кезден араласты?

– 1916 жылдың мамыр айында Омбының мұғалімдер семинариясын бітіріп, Ақмола уезіне келген Сәкен Нұра бойындағы Бұғылы елінде жанадан ашылатын ауыл мектебіне мұғалім болып тағайындалады. Құзге дейін екі-үш ай уақыт бос болғандықтан, сол кезде жалпы Ресей аймағында жүргізіліп жаткан ауыл шаруашылығының санак қызметіне кіреді.

Ақмола уезі оңтүстік және солтүстікке бөлініп, екі санақ комиссиясы жұмысқа кіріседі. Солтүстікке шыққан санақ комиссиясын басқару Сәкен Сейфуллинге жүктеледі. Осы мақсатпен ауыл-селоға барып, болашак мұғалім болыс-старшындарды жинап, келген жұмысын түсіндіріп, халықпен кездесіп, елдің малының, жанының, егіннің, сокасаймандарының санағын жасай бастайды.

Есіл бойын жағалап, Атбасар маңындағы Ақсирақ көл, Шұбыра деген ауыл-аймақтарға кіріп, Моншакты, Қарабұлақ елді мекендерін аралайды. Шығысқа қарай бұрылып, Семей губерниясының Павлодар уезімен шектес Қанжығалы Қоржынкөл аймағының есеп-қисабын жасайды. Тап сол уақытта ақ патшаның бұратана халықтарды майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі июнь жарлығы шығып, оған қарсы наразылық дүмпуінің қалай өрістегенін көреді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске тілектес ниетте өлеңдер жазады.

---

Үкіметті екі-ақ жыл  
басқарды

---

Сілеті-Бұғылы ауылында мектеп ашып, орыс тілінен сабак береді. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ақмолаға келіп, «Жас қазақ» ұйымын құрады. Төрағасы –

С.Сейфуллин, мүшелері – Б.Әділов, Б.Серікбаев, Б.Айбасов, А.Асылбеков т.б. Ұйым социал-демократиялық бағытты ұстанды. Ресейдің федеративті республика болуын жақтады. Халық ағарту жұмыстарын жүргізуді, саяси істерге араласуды мақсат етіп қойды. «Айна» деген журналды шығаруды қолға алды. Ұйым мүшелері С.Сейфуллиннің «Бақыт жолына» деген пьесасын қойды. Одан түскен қаржыны Омбыда оқып жүрген қазақ балаларына береді. «Жас қазақ» ұйымының мүшелері Ақмола уездік қазақ комитетінің құрамына кіреді. 1918 жылдың мамыр айында Омбы қаласында өткен жастардың жалпықазақ съезіне «Жас қазақ» ұйымы атынан А.Асылбеков пен С.Сәдуақасұлы қатысады. Олар өлкеде кеңес өкіметті орнауын қолдайды.

– Ал мемлекеттік қызметке қалай араласты?

– Сәкен басы-қасында жүрген «Жас қазақ» ұйымы Физатуллин, Әубекіров, Құрмашев жетекшілік ететін «Мұсылман еңбекшілері одағымен» ынтымақтаса жұмыс істейді. Алғашқы күндердің өзінде екі жүзден астам демократиялық пиғылдағы озат интеллигенция мен жастар осы ұйымға мүше болып кіреді. Қаладағы көпшілік жиналған

митингіде большевик Н.М.Монин «біздің қатарымызда «Мұсылман еңбекшілерінің одағы» да бар, ол біздің тірегіміз. Оған сүйене отырып біз Совет өкіметін орнатамыз», – дейді. – С.Сейфуллин, Б.Серікбаев, А.Асылбеков және басқалардың тікелей араласуымен одақ большевиктермен бірігіп совет өкіметін қолдаймыз деп 1917 жылдың 16 желтоқсанында он мындан астам адам қатысқан шеру өткізеді.

Сол жылдың аяғына қарай Ақмола және Атбасар уездерінде дербес большевиктік партия үйымдары құрыла бастайды. Большевиктердің бірігіп, олардың енбекші және әскери жасақтарға ықпалының арта түсі, сонымен бірге контрреволюциялық күштерге қарсы құрестің күшеюі нәтижесінде 1917 жылдың желтоқсанында Ақмолада, сосын 1918 жылдың 12 қаңтарында Атбасарда билік Советтердің қолына көшеді.

1918 жылдың 28 ақпаны мен 2 наурыз аралығында өткен Ақмола уездік съезінің Советі «Совет билігі толығынан мойындалады» деп қаулы қабылдайды. Қорытынды отырыста уездік Советтің 79 адамнан тұратын атқару комитеті сайланады. Бұлардың ішінде С.Золянский, Н.Монин, З.Катченко, С.Сейфуллин, Б.Серікбаев, А.Асылбеков т.б. бар. Атқару комитетінің басшы органына большевиктер Захар Катченко (төраға) мен Б.Серікбаев (орынбасар) кіреді.

1918 жылды 3 маусымда орын алған контрреволюциялық бүлік нәтижесінде Сәкен Сейфуллин Совдеп мүшелерімен бірге Ақмола тұrmесіне түсіп, онда жеті ай отырады. Содан соң Петропавлға жаяу жөнелтіледі. Атаман Анненковтың «ажал вагонында» 47 тәулік азап шегеді. Ақыры Колчактың Омбы тұrmесіне қамалып, одан қашып шығады. Омбы – Татарка – Славгород – Павлодар – Баянауыл – Сарыадыр арқылы жаяулатып құпия түрде еліне жетеді. Бірақ мұнда да тыныштық бола қоймайды. Оның ізінен түскен ақтар қудалап, өміріне тікелей қауіп төнген соң Бетпақдала арқылы екі ай дегенде азаттық таңы атып тұрған Әулиеатаға әзер жетеді. Сәкенді бұл өнір жылды қабылдайды. Атқару комитетінің төрағасы Қабылбек Сарымолдаев «Жолdas Сейфуллин,

осында қалыныз, еңбекші халық үшін бірге білек күшін көрсетейік», — деп қолқа салады. Содан соң қасына екі милиция ертіп, Сәкен Әулиеата Советінің атқару комитеті және мұсылман бюросы берген мандатпен Бетпақ даланың шөлінде шашылып жатқан қазақ ауылдарында жаңа өкіметті орнатуға кіріседі. Сол кезде ақтар күйрете женіліп, ревком құрылып жатыр деген хабар осы жаққа жетіп, Сәкен бес ай дегендеге Ақмолаға қайта оралады.

Сәкеннің сонау 1922 жылы жарық қөрген «Азия (Европага)» деген аты шулы балладасы Кенес өкіметіне қарсы жазылған, марксистік идеологияға жат ұлтшылдық шығарма деп реєстрированы турде танылды.

— Мұны айтқан кім?

— Қазактың облыстық III партия конференциясына (1923) қатысқан РКП(б) ОК-нің өкілі Е.Ярославский. Осыған орай, Сәкеннің саяси көзқарасында ұлтшылдық пиғыл басым екендігі қатталып, бұл қонырау оның соңынан өмір бойы қалмады. Сонда да алған бетінен қайтпады. Қазакқа қандай жақсылық жасауға болатындығын үнемі ойлаумен болды. Өйткені ол шын мәнінде қазақ халқының өсіп-өркендеуін, ұлттық мұдделерінің ойдағыдан шешілуін әрдайым бірінші кезекке қоятын. Мәселен, Совнарком төрағасының тізгініне ие болысымен жаңа өндіріс ошақтарын ашып, қазақ пролетариатының катарын көбейтейік, қазақ жастарын оқу-білімге тартайық, іс қағаздарын қазақша жүргізейік, ұлыдержавалық шовинизмге тосқауыл қояйық, «қазақты қазақ дейік, тарихи катені түзетейік» деп бұл мәселені жай адам емес, үкімет басшысының өзі айтып, колдап отырса, басқаларды былай қойғанда, қазактардың біразы іштей «бұл не деп тұр» деп тосырқай қарағаны жасырын емес. Соған қарамастан осы жол дұрыс, халқын, елін азаттыққа, бостандыққа апарады деп ойлады, соған сендей.

«Жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың катарына қосылуы керек» деп жазды, армандады. Қазақтың

ұлттық мұддесін көркейтейік деген ұмтылысты партия көсемдері ұнатпады, «ұлтшыл, ескілікті көздейді» деп үлкен қызметінен тезірек кетіруді қолға алғып, қуғын-сүргінге түсірді. Сөйтіп, ол Үкіметті екі-ақ жыл басқарды. Бұл қызметтен 1924 жылдың аяғында – Голощекин Қазақстанға келмesten біr жыл бұрын кеткен болатын. Бұдан кейін партия басшылығы биліктің жоғары сатысына жолатпады. Бұдан соң Сәкен негізінен оқу-ағарту, ғылым, педагогика, журналистика саласында істеп, қолы босады-ау деген кездे шығармашылықпен айналысты.

– «Халық жауы» болып қашан тұтқындалды?

– 1937 жылдың 24 қыркүйегінде дауылпаз ақын «халық жауы» есебінде тұтқындалып, абақтыға қамалды. КСРО Жоғарғы сотының көшпелі әскери коллегиясы Алматыда. 1938 жылдың 25 ақпанында, 16 сағат 40 минутта оның қылмыстық ісін қарады. Сот істі 20 минуттың ішінде қарап, Сәкен Сейфуллинді ату жазасына кесті. Архив құжаттарына сенсек, сол күні 39 адамның ісі қаралып, бәрі атылып, құжаттары қатталған. Олар мыналар – Сәкен Сейфуллин, Сүлеймен Есқараев, Тел Жаманмұрынов, Құдайберген Жұбанов, Темірбек Жұргенов, Сейітқали Мендешев, Ұзақбай Құлымбетов және басқалары. Кейін бұлардың туған-туистары да репрессияға ұшырайды.

Айталық, Сәкен қамауға алынысымен оның әкесі Сейфolla ұсталып, КарЛАГ-та атылған. Інісі Мәлік біr түнде жоғалып кетеді, күні бүгінге дейін оның тағдырын ешкім білмейді. Екінші інісі Мәжит тап сол уақытта сүзекпен ауырып, қудалаудан аман қалады. Мәліктің Гүлзипа деген қызын күйеуі «сен халық жауының қарындасысын» деп ұра берген соң Қарағандыға кетіп, сонда Айтбай деген жігітке тұрмысқа шығады. 1953 жылы ұлтшылдықпен күрес кайтадан өріс алған кезде сол Айтбай «лекция барысында сен Сәкеннің атын атадын.

Сәкенді «қызыл» болды  
деп алашордашылар  
қарсы қою дұрыс емес